

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2005 жылғы 1 шілдеге)**

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 74 филиалы мен 74 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны маусым айында 76 371-ге ұлғайып, ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 7 170 498 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: “МЖЗҚ” – 31,56%, “Қазақстан Халық Банкі” – 19,01%, “ҰларҮміт” – 14,52%, “Валют-Транзит-қор”- 8,37% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,90% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 81,36% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың маусым айында 235-ге ұлғайып, 2005 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,42 млрд. теңгені құрап 31 233 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” ЖЗҚ АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 62,87%, “ҰларҮміт”- 19,29% және “Капитал” – 10,80% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,96% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” және “Қазақстан халық банкі” қорында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 149, салымшысының дербес зейнетақы шотында 10,4 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың маусым айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 30-ға ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.07.04ж.	01.07.05ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 508 916	7 170 498	661 582	10,16
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	29 096	31 233	2 137	7,34
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	658	3 149	2 531	4,8 есеге

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың маусым айында 14 382 млн.теңгеге (2,65%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай


бойынша 556 468 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	(млн.теңге)
			Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.07.02 ж.	221 901	77 666	53,85
01.07.03 ж.	315 027	93 126	41,97
01.07.04 ж.	415 230	100 203	31,81
01.07.05 ж.	556 468	141 238	34,01

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2004 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 2,20 проценттік тармаққа ұлғайып 34,01% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 141 640 млн. теңге немесе 25,45%, "МЖЗҚ" – 115 273 млн. теңге немесе 20,72%, "ҰларҮміт" – 99 991 млн. теңге немесе 17,97% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 40 244 млн. теңге немесе 7,23% және "БТА Құрмет-Қазақстан" – 40 179 млн.теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,22%. Жалпы алғанда, осы 5 қор жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,59% келді.

2005 жылдың 1 шілдеге жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың маусым айында 4064 млн. теңгеге (3,14%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 133 548 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млн. теңге)

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.07.2002 ж.	61 962	21 234	52,1	27,9
01.07.2003 ж.	87 018	25 056	40,4	27,6
01.07.2004 ж.	101 567	14 549	16,7	24,4
01.07.2005 ж.	133 548	31 981	31,5	24,0


Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылдың 1 шілдемен салыстырғанда 14,8 проценттік тармаққа ұлғайып 31,5% болды.

Ағымдағы жылдың 1 шілдеде 31 981 млн. теңге болған таза инвестициялық кіріс өсімінің абсолютті сомасы ұлғайғаны байқалғанын атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 шілдедегі 24,4% кезде 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 24,0% болды немесе 0,40% проценттік тармаққа төмендеді. Ағымдағы жылдың маусым айында үлес 0,11 проценттік тармаққа өсті.

Ағымдағы жылдың маусым айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 11 082 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 438 086 млн. теңге немесе өсім 2,6% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңге)



2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 3 121 млн. теңге

болды. Ағымдағы жылдың маусым айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 78 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 2,56% болды.

Зейнетақы төлемдері ағымдағы жылдың маусым айында 811 млн.теңгеге (2,67%) өсіп, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 31 186 млн. теңге болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражаты 85 831 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың маусым айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 472 млн.теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 171 млн. теңгеге (13,14%-ке) өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 53,81%, «ҰларҮміт» - 12,07% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,62% және “БТА Құрмет-Қазақстан” - 6,08% немесе осы төрт қордың аударымдардың жалпы сомасының 81,58% келеді.

Мынаны ескеру қажет, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,47%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,57%, "Отан" – 0,73% және "Қазақмыс" – 0,86%.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 557 569 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың маусым айында 14 758 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,72%-ке өсті.

2004 жылғы 1 шілдіден бастап 2005 жылғы 1 шілде аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 11,85 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ

Зейнетақы активтер

ЖЗҚ

млн. теңге

%-пен

"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	47 807	8,57
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	40 309	7,23
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 498	1,34
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	48 566	8,71
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 758	0,32
"Нефтегаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ ЗАО	14 366	2,57
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 062	4,32
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	8 380	1,50
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	10 402	1,87
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 402	1,87
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	25 466	4,57
"Валют-Транзит Фонд" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 466	4,57
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	14 485	2,60
"Қазақмыс" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 485	2,60
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	100 191	17,97
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	100 191	17,97
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	12 962	2,32
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 962	2,32
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	115 481	20,71
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	40 240	7,22
АО "Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	141 969	25,46
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	557 569	100,00

2005 жылғы 1 шілдеде инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 551 169 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы маусым айында 11 079 млн. теңгеге немесе 2,05% -ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	231 337	41,97
ҚР еврооблигациялары	1 760	0,32
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	149 053	27,04

Ұлттық Банктің ноттары	80 354	14,58
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары ценные Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	170	0,03
	77 383	14,04
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 705	0,67
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	21 534	3,91
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	206 535	37,48
акциялар	40 099	7,28
облигациялар, оның ішінде	166 436	30,20
АҚШ долларына номинирленген	8 385	1,52
теңгеге номинирленген	158 051	28,68
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	10 540	1,91
акциялар	7 382	1,34
облигациялар	3 158	0,57
Инвестициялық қорларының шетел пайлары	135	0,02
Жиынтығы:	551 169	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 231 337 млн. теңгені құрады немесе 41,97% болды. 2005 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда МБҚ көлемі 9 530 млн. теңгеге немесе 3,96%-ке азайды. 2005 жылы маусым айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 8 262 млн. теңгеге немесе 4,17%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 3 376 млн.теңгеге немесе 4,56%-ке өсіп, 77 383 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,67% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы маусым айында 64,99%-ке көбейіп, 21 534 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,91% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2002 жылғы маусымдағы – 2005 жылғы маусымдағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 22,25% болды.

Сонымен бірге 2005 жылдың басынан бастап зейнетақы активтер бойынша өсу жиынтығының орташа алынған кірістілігі жылдық 7,84% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 шілдедегі жағдай бойынша 10 453,7 млн. теңге болып, соның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 59,3% болды. Есепті айда меншікті капиталы 571,6 млн.теңгеге немесе 5,8% өсті.

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 14,0% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында барлық қорлар, “Капитал” қорын қоспағанда, жалпы сомасы 2309,8 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”- 42,2%, “МЗЖҚ” - 18,0%, “Құрмет-Қазақстан БТА” - 9,6% және “Ұлар Үміт” - 5,2% қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кірісінің 75,0% болды.

2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 7 828,2 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 75,0% болды. Ағымдағы жылдың маусым айында қаржы инвестицияларының көлемі 174,1 млн.теңгеге немесе 2,9% өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 527,3 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 70,6%) инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 1 467,6 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 29,4%-ін орналастырды.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.